

Бекітемін,
Мектеп директоры М.А.Айтекенова .Р .Н
«1» мамыр 2024 жыл



**Ақсу негізгі орта мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша
психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі**

2023-2024 оқу жылы

Ақсу негізгі орта мектебінің 2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі

3-9 қыркүйек айының аралығында класс жетекшілерден оқушылар туралы мағлұматтар жинақталды. Оқушылардың карталары толтырылды.

Педагогтардың эмоционалды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту мақсатында 07.09.2023 күні «Жас маман, алға бас қадам» тақырыбында жас мамандармен тренинг жүргізілді.

Диагностикалау бағытында 14.09.2023 ж 9-класс оқушыларына топтық Басса-Дарки топтық сұрақнамасы алынды. Агрессивті мінез-құлық анықталмады. 5.10.2023 ж 5-7 класс оқушыларына Р.Гудман сауалнамасы жүргізілді, 12.10.2023 ж 8-9 класс оқушыларынан ДАСС сауалнамасы алынып, нәтиже бойынша оқушылардан депрессия, үрей және стресс анықталмады. Тәртібі қиын оқушы жоқ. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы жоқ. 14.10.2023 жж 5-9 класс оқушыларына мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов) бойынша жұмыс жүргізіліп нәтижесінде төмен деңгейлі және мектептік ортаға бейімделмеген оқушылар анықталмады. 19.10.2023 жж 6-7-8 класс оқушыларынан зорлық-зомбылықты анықтау бойынша алынған сауалнама қорытындысында зорлық-зомбылық анықталмады. 20.10.2023 жж 1-класс оқушыларынан «Менің класым» жобалау тесті алынды. Бұл әдістеме арқылы сыныпта ауызбіршілік және оқушылар арасында жақсы қарым-қатынас бар екені анықталды. 7.11.2023 ж 3-8 кластың ерекше назарындағы топ балаларымен Стоттың бақылау картасы жүргізілді. Нәтижесінде 4-класс оқушысы Мағауия Мадияр мінезінде тұйықталу бар екендігі анықталды. Ұсыныс; Сынып жетекшісіне сабақтан тыс уақытта белсенді оқушылардың жетекшілік рөлін пайдаланып қазақтың ұлттық ойындарын («Айгөлек», «Арқан тарту», «Соқыр теке», «Ұшты-ұшты») ойнату ұсынылды. Ойын барысын бақылауда ұстады. Нәтижесінде белсенділігі артты.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында оқушыларды жеке қабылдау журналы жұмыс істейді. Жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу үшін сауалнамалар алынды.



Түзету - дамыту бағытында мектепке және орта буынға әлеуметтік-психологиялық бейімдеу шаралары 1-5 кластарға топтық тренингтер өткізілді. Желтоқсан айында 5-9 кластарға «Агрессияны шығарудың қауіпсіз жолдары» топтық тренинг өткізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту бағытында «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» ата-аналар семинары өтті. Жасөспірімдермен ерте жүктілікке байланысты алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Кеңес беру бағыты бойынша мұғалімдер және оқушылар арасында «Қауіпсіз интернет», «Мектептегі буллинг», «Кибербуллинг» тақырыптарында кеңес берілді.

15 қыркүйек күні «Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек» тақырыбында бірінші

сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық- педагогикалық қолдау жасау. Бірінші сынып оқушыларында пайда болуы мүмкін мектептік бейімсіздену және мазасыздықтың алдын-алу жұмысын жүргізу мақсатында түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.

Тренинг сабақ оқушылардың бір-бірімен жылы амандасуынан басталды. Амандасу барысында оқушылар өздерінің есімі мен бойындағы жақсы қасиетін айта отырып таныстырды. Сабақ барысында оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу мақсатында ойын-жаттығулар жүргізілді. Оқушылар ойын барысында өздерін сенімді, еркін ұстап ойынға белсене қатысты. «Өз құйрығын тістеген айдаһар» жаттығуы оқушылар ыңғайсыздық пен шиеленісті шеше алу мақсатында жүргізілді. «Мен сөмкеме саламын» жаттығуында балалардың мектепке не үшін баратындықтары туралы түсініктерін қалыптастырды. Сабақ соңында оқушылар сабақ ұнады ма деген сұраққа жауап беріп, өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.

22.09.2023 күні «Күйзеліске төзімділіктің өзін-өзі бағалау», «Педагогтың агрессивтік деңгейін анықтау».

25-29.09.2023 ж күні 6-8 класс оқушыларына Жасөспірімдердің эмоционалды – еріктік аймағын диагностикалау. «Баспалдақ әдістемесі».

27.09.2023 ж 5-сынып «әлеуметтік –жағдаяттық мазасыздық шкаласы» негізінде жасалған мектеп жағдаяттарын өзін-өзі бағалау әдістемесі.

Психологиялық акцияға оқушылар мол қызығушылықпен, үлкен белсенділікпен қатысты. Әр сұраққа жауап іздеу, мектеп мұғалімдерімен, кіші қызметкерлермен қарым-қатынасқа түсу олар үшін қызықты болды. Оқушылар берілген уақыт ішінде барлық сұрақтарға өте жақсы деңгейде жауап беріп, өздерінің ұжымдағы ауызбіршіліктерін, сыйластықтарын, жауапкершіліктерін көрсете білді. Ойын соңында оқушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, бір-бірінің пікірін тыңдады. Сонымен қатар осындай ойын, жаттығулар жиі өткізілсе деген ұсыныстарын білдірді.

10.10.2023 күні 1 сынып оқушыларына мектепке оқуға психологиялық тұрғыдан дайындығын анықтау мақсатында «М.Семаго» әдістемесі жүргізілді.

Әдістемеге барлығы 5 оқушы қатысты. Нәтижесінде мектепке оқуға дайындықтары және вербальді интеллекттерінің даму көрсеткіштері орташада деңгейде. Төмен деңгей көрсетіп отырған оқушы анықталған жоқ.

17-20.10.2023 күндері оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету мақсатында 8-9 сынып оқушылары үшін «DASS» сауалнамасы алынды.

Нәтижесі:

№	Сыныптар	Депрессия (суицидке бейімділік)	Үрей (эмоционалды күй)	Стресс (эмоционалды күй)

1	8	қалыпты	қалыпты	қалыпты
2	9	қалыпты	1 оқушы	қалыпты

Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша үрей шкаласы бойынша қауіпті 1 оқушы анықталды. Оқушымен жартылай құрылымды сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында оқушының мінез құлқының өзгермелі екендігі анықталды. Клас жетекшіге оқушымен жеке әңгімелесуді үнемі жүргізіп тұру, көңіл -күйін бақылау. Класс оқушыларының алдында мадақтап, марапаттап отыру. Оқушыға психологиялық қолдау жасау. Оқушыны бақылауға алу ұсынылды.

11-12.10 .2023 күндері Оқушылардың бойынан агрессия күйін анықтау мақсатында «Басса-Дарки» әдістемесі алынды. Нәтижесінде агрессивті оқушылар анықталмады.

8-9 класс ер балалары арасында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыс жақсылыққа апармайды» тақырыбында ағартушылық жұмыс өткізілді. Жұмысқа барлығы 5 ер бала қатысты.

24.10.2023 ж күні «Бастауыш сынып оқушыларына арналған тренинг жаттығулары» тақырыбындағы сергіту жаттығуларына 2-4 сынып оқушылары, барлығы 5 оқушы қатысты. Мақсаты: сыныптың ауызбіршілігін , ынтымақтастығын дамыту.

Тренинг «Танысу» жаттығуымен басталды.

Ой толғау бөлімінде «Дос дегеніміз не? Шынайы дос болу қиын ба? Дос қандай болу керек ?» тақырыбында сұрақтар қойылды. Оқушылар пікірлерімен бөлісті.

7 қараша күндері 3-8 кластың ерекше назарындағы топ балалармен Стоттың бақылау картасы жүргізілді. Нәтижесінде 4-сынып оқушысы Мағауия Мадияр мінезінде тұйықталу бар екендігі анықталды.

Ұсыныс; Сынып жетекшісіне сабақтан тыс уақытта белсенді оқушылардың жетекшілік рөлін пайдаланып қазақтың ұлттық ойындарын («Айгөлек», «Арқан тарту», Соқыр теке», «Ұшты-ұшты», ойнау ұсынылды.



22.11.2023 жыл оқушыларға жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында 7 сыныпқа «Қауіпсіз мектеп, қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында тренинг жүргізілді. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылатындығы түсіндірілді. Әр баланың қауіпсіздігі, болашағы үшін кеңестер берілді. Сонымен қатар жоспар бойынша жаттығулар орындап, түрлі қауіп-қатерден шығудың амалдарын орындады. Оқушылар топ болып «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» тақырыбында постер қорғап, «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» деген ұранмен эссе

жазды.

07- 08.12.2023 жылы 5-9 класс оқушыларына «Зорлық- зомбылық және балалар» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: қоғамдағы зорлық-зомбылықтың, келеңсіз жағдайлардың алдын алу

Оқушыларға 7 сұрақтан тұратын сауалнама берілді. Сауалнама қорытындысы бойынша зорлық зомбылық көрген оқушылар жоқ.

Қаңтар айында :

1-Сынып оқушыларға оқушының оқуға қабілеттілігін зерттеу.

6-7 сынып оқушыларына «Менің бақытты отбсым»

Ақпан айында

Психологиялық кеңес беру оқушы, ата-ана

Наурыз айында

05-06.03 күні 8-9 класс оқушыларына оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында «Дасс» сауалнамасы алынды. Нәтижесінде аутодеструктивті мінез-құлықты оқушы анықталмады.

«Жақсы қарым-қатынас» тренинг жаттығу психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді.

«Мамандық таңдауда ата-ананың рөлі» топтық кеңес берілді. 9-сынып ата-аналарына



Сәуір айында

«Психологиялық күйдің өзіндік бағасы» Айзенк тесті жүргізілді. 6-8 класс

8-9 класс оқушыларына «Стресс-тест» сауалнамасы алынды. «Күйзеліс және оның алдын-алу жолдары» тақырыбында кеңес беру жұмысы жүргізілді. 7-8 класс оқушыларына «Менің отбасым сыйластық орнаған ортам » тақырыбында ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында

«Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз?» кеңес берілді. 5-9 класс

Барлық сыныптарға сынып жетекшісі , мектеп психологімен бірлескен жоспарға сай «Зорлық- зомбылықсыз әлем» тақырыбында сынып сағаты жүргізілді.

«Отбасындағы психологиялық денсаулық, баланың үйлесімді дамуының негізі» Ата-аналарға арналған дәріс өткізілді.

Мектептегі «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» жұмыстарын зерделеу жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық статистикалық есеп

1. Диагностикалық жұмыс-15

2. Кеңес беру-11


3. Сұхбат-9

4. Тренингтер-31

Тәуекел топтағы оқушы жоқ.

Есепте тұрған оқушы жоқ.

ДАСС сауалнамасы бойынша агрессивті мінез құлық, депрессия, үрей және стресс анықталмады.

Мектеп директоры м.а:  Р.Н.Айтекенова

Мектеп психологі:  Китегулов Ғ.Б